

Меңгеруші жанындағы кеңестің

№1 хаттамасы

Қатысқандар: 7

07.09.2021ж

Күн тәртібі:

1. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы.(шолу тексеру қорытындысы)
2. Топтарды жинақтау, тәрбиешілер мен көмекшілерді бекітіп, лауазымдық міндеттерімен таныстыру.
3. «Тіл мерекесіне» арналған тақырыптық сабақтарды, «Алтын күз» мерекесінің жоспарын бекіту, дайындық
4. Жалпы ата – аналар жиналысына дайындық.
5. Кіріс құжаттарын талқылау

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Д.Каримова сөйледі. Барлық топтарда табиғат бұрышын, ойыншықтар бұрышын, кезекшілік бұрышын толықтыруды, үлестірмелі материалдарды жаңашаландыруды тапсырды. Қорытынды анықтама бойынша жазғы жөндеу жұмыстарының сапасы, топтардың тазалығы, жарықтандыру, киім ілетін шкафтардың жеткіліктілігі, ата-ана бұрышының, денсаулық бұрышының, табиғат бұрыштарының толықтырып безендіруі, үстел-орындықтардың, ыдыстардың, төсек-жаймалардың жеткіліктілігі, таңбалануы, ойыншықтардың сертификатталғандығы, сөжеттік-рөлдік, дидактикалық ойындар топтамасының болуы, кітап бұрышының жасақталуы тексеріліп, кемшіліктері анықталды. Кемшіліктерді түзетуге 1 апта мерзім берілді. Кереуеттер, шкафтар, түбектер, сүлгілер, төсек орын нөмірленіп, балалар танитын суреттермен белгіленуі тиіс, балалар тізімі анықталып іліну керек.

Тыңдалды: : Балабақша меңгерушісі Д.Каримова -Балабақшада балаға қауіпсіз, ыңғайлы, жан-жақты тәрбие беретін бес салаға арналған дамытушы орта құрылуы қажет. Балаларға саналы, мазмұнды тәрбие беруде баланың ішкі жан дүниесін жетілдіре түсетін ойындар, оқу қызметтерін өтуге, көретін, бақылайтын, қабілетін арттыратын материалдар болуға тиісті.

Топтарды жаңа оқу жылына безендіріп, дамыту ортасын жаңалап отыру керек. Балабақшада заттық дамытушы ортаны ұйымдастыру ерекшелігіне келер болсақ,

- балабақшаның жас ерекшелік топтарына сәйкес заттық-дамытушы ортаны жобалау керек. Мектепке дейінгі ұйымда заттық дамытушы ортаны ұйымдастыру мектеп жасына дейінгі балаларды жан-жақты, үйлесімді тәрбиелеуге мүмкіндік береді және ол ақпараттық қызметті атқарады, яғни әр зат қоршаған орта жөнінде нақты мәлімет береді, әлеуметтік тәжірибе жеткізу құралы болып табылады. Әр топтағы балалардың жас ерекшелігіне сәйкес құрылған орта біртұтас күн реттілімінде білім беру, дамытушы, тәрбиелеуші, ынталандырушы, ұйымдастырушы, коммуникативтік функцияларды атқарады. Осы талаптарға орай балабақша тәрбиешілеріне топта заттық-дамытушы орта құру үшін әдістемелік көмек, бағыт беріледі. Өйткені, әр тәрбиеші өз тобының ерекшелігін айқындап, балалардың жас ерекшелігін ескеріп және білім салаларының мазмұнына сәйкес келетін ойындар мен құралдарды жинақтап білуі тиіс. Балаларды қоршаған ортаның ыңғайлы әрі эстетикалық тұрғыдан әсем болуы топтық дамытушы ортаны құруда өте маңызды. Әдемілік баланы қалыптастырады. Сондықтан, бұрыштардың эстетикасына назар аударған жөн. Бұл ортада мектепке дейінгі жастағы бала өз физикалық қызметтерін дамытады, сезімталдық қасиеттерін қалыптастырады, өмірлік тәжірибе жинайды, түрлі заттар мен құбылыстарды реттеуге және салыстыруға үйренеді. Сонымен қатар, заттық кеңістік ортасы балалардың эмоциясына әсер етеді, олардың іс-әрекетке деген ынтасын оятады. Мәселен, спорттық құралдар дене, сауықтыру іс-әрекетіне баулиды, осы әрекеттер барысында баланың өз денсаулығына, гигиенасына, қозғалыс ептіліктері мен дағдыларына деген ұстанымы қалыптасады; алуан түрлі құралдар – бояулар, қылқаламдар, қарындаштар, мата т.б. – өнімді іс-әрекетте әлемді танудағы өзіндік көркем қабылдауын көрсете білуге мүмкіндік береді.

Балабақшада төмендегідей орталарды ұйымдастыру қажет:

Білім беру аймағы – оқу іс-әрекетіне (сенсорика, айналамен таныстыру, сөйлеуді дамыту т.б.) қажетті материалдар орналастырылған бұрыш;

Құрастыру, музыка аймақтары; Театр бұрышы; Ойын бұрыштары;

Кішкене стадион; Табиғат бұрышы;

Дербес іс-әрекеттер аймағын топтық бөлмелерде, шешіну бөлмелерінде құрған дұрыс. Балалардың, олардың отбасы фотосуреттерін, балалардың суреттерін қоюға болады.

Заттық-дамытушы ортаны құруда шығармашылық идеяларда шек жоқ, дегенмен ең бастысы баланың жас ерекшелігі, қызығушылығы және осы ортада өзін еркін сезініп, орта материалдарын қолдана алуына мүмкіндік берілуі маңызды шарт.

Тыңдалды : балабақа меңгерушісі Д.Каримова топтарды жинақтап

Ерте жас «Ромашки»тобы -25 бала

Кіші топ «Сольнышко» тобы – 25

Ортаңғы «Радуга» тобы -25 бала

Ересек «Колокольчики» тобы -25 бала

Тыңдалды: Тіл мерекесіне арналған апталықтың іс-шаралары жөнінде балабақша әдіскері сөз алды «Қазақ тілім-ана тілім» апталығы жобасымен таныстырды. Жобаның мақсаты: өз тілімізде барлық бала бір-бірімен ой бөлісуге, ана тіліміздің қасиетін, қадірін біліп, құрметтеуге тәрбиелеу. Апталыққа оқу қызметі, ертегі кештерін өткізуді ұсынды. Осыған орай 14-18 қыркүйек аралығында тіл апталығын онлайн арқылы атап өту жоспары бар, өз ойларыңыз, жоспарларыңыз туралы айтуларыңызды, пікір алмасуларыңызға шақырамын деді. Меңгеруші келісім берді.

«Алтын күз» мерекесінің бағдарламасы жөнінде балабақша сазгері сөз алды. Балаларды шығармашылыққа байланыстыра отырып, алтын күз, жомарт күз туралы, ондағы үлкендердің еңбегі туралы түсініктерін байытып, кеңейтуде түрлі слайдтар жасап балаларға онлайн арқылы көрсетіп, ұйымдастырып, жемістер мен көкөністерден көрме жоспарланып, ата-аналарға үйде жемістер мен көкөністерден балалардың қалаған кейіпкерлерін жасап беруді өтініп, суреттерін ватсап желісі арқылы жіберіп, көрме ұйымдастырсақ деп өтіндік. Бағдарламамен таныстырылып, бекітілді. Жауапты етіп балабақша әдіскері және сазгер , және топ тәрбиешілеріне тапсырылды.

Тыңдалды : Жалпы ата-аналарға жиналыс жасауға дайындық жөнінде Балабақша меңгерушісі ата-аналармен жиналыс онлайн түрде болады. Әр топ өз тәрбиешілері арнайы чат ашып, әлеуметтік желісі арқылы ата-аналармен жұмыс жүргізсін. Қашықтықтан оқыту режимінде балаларға бейнесабақтар өту үшін, ата-аналардың сұраныстары болуы тиіс, әр отбасыда

қолжетімді байланыс түрлері, интернет болуы керек. Ата-аналар сабақ барысында

баланың сабақты қабылдауы туралы және т. б. барлық сұрақтарды нақтылау үшін кері байланыс арқылы ата-аналармен өзара іс-қимылды қамтамасыз етіп отыруы тиіс. Ата-анаға ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі жіберіледі.

Ата-аналармен баланың қауіпсіздігі туралы кеңестер өткізуіміз қажет. Баланың үйдегі күн тәртібі, санитарлық талаптарды үйде де сақтау туралы кеңестер беріледі.

Шешім:

1. Шолу тексеру қорытындылары 10 қыркүйекке дейін орындалсын. Жауапты: тәрбиешілер.
2. Балабақшада заттық дамытушы орта құрылсын.
3. Қыркүйектің 14-18 аралығында тіл апталығы өткізілсін. Жауапты: тәрбиешілер.

Қазан айының 25-29 аралығында «Алтын күз» мерекесі өткізілсін.

Жауаптылар: ән-саз жетекшісі және тәрбиешілер.

4. Жалпы ата-аналар жиналысы қыркүйек айының 13 жұлдызында арнайы чатта, онлайн түрде өткізілсін.

Төрайым:

Хатшы:



Д.Каримова

А.Исмурзаева

Меңгеруші жанындағы кеңестің

№2 хаттамасы.

19.11.2021 ж

Жиналғандар саны -7

Күн тәртібі:

- 1..Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Мәдени – гигиеналық машықтарды ұйымдастыру» Тақырыпты тексеру қорытындысы
3. «Тіл мерекесі» тақырыптық сабақ, «Алтын күз» мерекелерін талқылау
- 4.«Тәуелсіздік күні» және «Жаңа жыл» мерекелерінің бағдарламасын бекіту.
- 5.Кіріс құжаттарын талқылау

Тыңдалды : Балабақша әдіскері мегерушісі Д.Каримова

«Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы» шолу тексеру бойынша анықталған кемшіліктердің өз мерзімінде орындалғанынын, топтарда дамыту орталары толықтырылғанын айтып өтті. Дегенмен топтарда театр құралдары, жаңа әдістерге негізделген ойын құралдары толық жасалмағанын ескертті.

Балабақша меңгерушісі тәрбиешілерге толық орындауға ескерту берді.Тәрбиешілер келісім берді.

Сонымен бірге «Қазақ тілім- ана тілім» апталығының өткізілуіне тоқталды.

«Колокольчики» ересектер тобының «Ана тілім –туған тілім» тақырыптық сабақты онлайн өтті. Балалар үйге берілген тақпақтарын жаттап, ватсап арқылы сабаққа қосылып, берілген сұрақтарға , тапсырмаларға белсенді қатысып отырды.

Тәрбиеші Г.Бектибаева ортаңғы тобында «Тіл халық қазынасы» ашық оқу қызметі талапқа сай дайындалған. Көрнекі құралдар алдын ала дайындалған. Топтан 20 бала қатысып отырды. Балабақшада тіл апталығының өтілуі «қанағаттанарлық» деп бағалауды ұсынды.

Меңгеруші келісім берді.

Сөйледі : Балабақша музыканты «Алтын күз» мерекесі жайлы айтып өтті. –Әрине бізге оңай болған жоқ, әлеуметтік желіде іс-шара өту өте қиын. Дегенмен де ата-аналарға рахмет, бізбен кері байланысқа шығып отырды, үйге берілген тапсырмаларды балалармен қосылып орындады. Ата-аналар берілген тапсырма бойынша көкөністер мен

жемістерден түрлі заттар жасап, ватсапқа салып отырды.Балалар күз туралы әнді жаттап айтып берді.

Тыңдалды: Келесі мәселе бойынша балабақша әдіскер сөз сөйледі. Балабақшаның кестесі жоспарындағы «бақылау мен басқару» кестесі бойынша ересек топтарда өткізілген. «Таным білім беру саласының жұмыстарының жүргізілу жағдайын бақылау» салыстырмалы тексерудің қортындысымен таныстырып өтті.

Тыңдалды: Жыл мезгілдеріне байланысты картотекалар көрмесі ұйымдастырылды.Көрмені бағалау мен қорытындылауда балабақша әдіскері сөз алды.: Бала әлеуметке, көпшілікке , қоғамға ене отырып, өзіне өте көп мағлұматтар алады.Ұйымдастырылған оқу қызметтен бөлек серуен кезінде де, еңбек, бақылау, ойын кезінде де жан- жақты дамиды.Біз әр серуенге тақырыптар, бақылау, ойындарды ауа райына, жыл мезгілдері құбылыстарына байланыстыра отырып жоспарлап өткіземіз. Алдын ала картотекалар дайындалады, мазмұны мақсаты қызықты жоспарлануы тиіс.

Картотекалар:

«Солнышка» кіші тобында тәрбиеші А.Рыскиева «Күз», «Қыс» жыл мезгілдеріне арналған, бақылау, ойын, еңбек, жеке жұмыс жыл мезгіліне сай алынған, тек жас ерекшелігіне сай болуы тиіс.Жаз, көктем мезгілдеріне де жасап қоюы тиіс.

«Радуга» ортаңғы тобында тәрбиеші Г.Бектибаева -«Күз», «Қыс» тақырыбындағы картотекалар,түрлі-түсті сапалы жасалған. Бақылауда ауа райы, жаңбырдың, сарғайған жапырақтар, астық жинау суреттері бейнеленген және қардағы іздер, қардан жасалған мүсіндер, құстардың қысқы тіршілігі жоспарланған.

Ұсыныстар:Көктем, жаз картотекаларын дайындау.

«Колокольчики» ересек тобының тәрбиешісі А.Исмұрзаева –«Көктем», «Қыс» мезгілдеріне арнап картотекалар жасаған. Сандары аз, толықтыру қажет.

Ұсыныстар: Ауа райының жайын белгілейтін күнтізбе жасау.

Көрмеге орта деген бағамен бағаланды. Алдағы уақытта айтылған кемшіліктер толықтырылсын.

Сөйлегендер: Балабақша әдіскері сөз алды : «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының идеясын іске асыру бағытында биыл желтоқсан айына Қазақстан Республикасының 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне арналған «Тұғыры биік, тәуелсіздік» атты салтанатты іс-шара өткізу жоспарланып отыр.Бұл шараның мақсаты: балалардың бойында Қазақстанның өткені мен бүгінгі өмірін салыстыра отырып, халқының тарихын білуге үйрету, Тәуелсіздік күні туралы терең мағлұмат беру; Қазақстанның болашақ дамуына өзіндік үлес қосатын, қоғамның бір мүшесі болатын ретінде адам құндылықтарын ұғындыру, жауапкершілік сезімдерін ояту.

Балаларға ата-бабамыз аңсаған, армандаған еркіндік, тәуелсіздік. Тәуелсіздік деген- білім, таным, даму, ынтымақ пен бірлік. Еліміздің сауатты да еңбекқор отан сүйгіш, ұл- қыздарымызбени бүлдіршіендеріміз бар екенін көрсете білетін, дәлелдей алатындай ұлттық рухани байлыққа сенімге іс-шара болуы тиісті. Тәрбиешілер түгел формада, сән мен мән беретін үлгіде болуға шақырамын. Ал ұлттық іс-шараға рәміздер, әндер, билер, ойындар бағдарламада болуға тиісті. Балаларымыз мерекені сезініп, оларда патриоттық сезім оянып, рухани байлық алып, естерінде қалатындай болуға тиісті деп ойлаймын. Ал жаңа жыл мерекелік іс шараға келсек, әрине ең бірінші ата-аналар шақырылып жиналыс өткізесіздер. Тез жанатын үлпілдек, түкті кімдерге абай болсын. От шашулар да абайлап пайдалансын. Өрт қауіпсіздігін сақтауды ескертіңіздер және де жаңа жылдық сыйлық тартулар балаға зиянсыз, сапалы тиімді болсын, соны да есте сақтауды ескертіңіздер. Ал мерекелі бағдарлама әрине қысқы, тартымды, сиқырлы сәттерге толы әдемі костюмде болу. Зал мерекеге сай безендірілген. Номерлердің арасын үзіліп қалғанын есепке алыңыздар. Ата-аналарды қызықты өткізуге іс-шараға белсене қатысуға тырысыңыздыр. Барлық бала ойын сауыққа белсене қатыстырылсын тыс қалмасын. Балалар шаршап қалмауында есепке алуды тапсырамын.

Сонымен бірге музыка жетекшісі Жаңа жыл мерекесі ертеңгілігі сценариімен таныстырды. Ертеңгілік бала жасына сай, таңғажайып сәттерге негізделіп жобаланған. Тақпақтар, әндер бала жасына сай келеді. Музыкант жаңа жыл ертеңгілігін 25-27 өткізуді ұсынды.

Шешім:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы қадағалансын.

2. Барлық оқу тәрбие жұмысында тіліміздің мәртебесі биік болып, дамыту жұмыстарын жүргізу. Бағдарламалар бекітіліп, мерекелер атап өтілсін. Жауапты: тәрбиешілер, ән жетекшісі, әдіскер
3. Тақырыпты тексеруді ұсыныстар толықтырылып орындалсын.
4. Жыл мезгілдеріне арналған картотекаларды желтоқсан айына дейін барлық топтарда толықтырылсын.

Кеңес төрайымы:

Д.Каримова

Хатшысы:

А.Исмураева



№ 3 меңгеруші жанындағы кеңес хаттамасы.

10.01.2022 ж

Жиналғандар саны -.7

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы.
2. «Тәуелсіздік күні», «Жаңа жыл» мерекелерін талдау.
3. Аралық мониторинг нәтижесі.
4. Балалардың бітімінің жетілуіне арналған ойын құралдарын пайдалануы»

Тақырыптық тексеру қортындысы

5. кіріс құжаттарды талқылау

Тыңдалды : Өткен кеңестің орындалуы жөнінде балабақша меңгерушісі Д.Каримова тоқталып өтті. Тәрбиешілер толықтыруда.

Тыңдалды: «Колокольчики» ересектер тобының тәрбиешісі А.Исмурзаева Тәуелсіздік күніне арналған «Менің Қазақстаным» тақырыбында ашық ұйымдастырылған оқу қызметін талқылайтын болсақ, сабақ онлайн ретінде қызықты өтті, балалар белсене қатысты. Отан туралы түсініктерін қалыптастырып, Қазақстанның тәуелсіздігі жайлы көп мағлұмат берді. Тәуелсіздік сөзінің мән-мағынасын, рәміздерін таныстырды. Тәрбиешілер Жақсы деген баға қойылды.

Сонымен бірге топтардың жаңа жылдық мерекесіне тоқталсақ, ата-аналар балаларды Жаңа жыл мейрамына киіндіріп, тақпақтарын айтқызып, ватсап арқылы тәрбиешіге жіберді. Тәрбиеші балаларды мақтап, смайликтер арқылы ризашылығын білдірді.

Жаңа жылдық әндер жіберіп, балаларға, ата-аналарға керемет көңіл-күй сыйладық деуге болады.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Д.Каримова балабақшаның Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша аралық мониторинг нәтижелерімен таныстырып өтті.

Үлгілік оқу бағдарламасының 1 тоқсанға арналған нәтижелерін меңгеру деңгейі орташа, жас ерекшелігіне сай талап, мақсат міндеттер

жоспарланған. Жоспар бойынша оқу тәрбие үдерісін жүргізуді тапсырды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты оқу жүктемесіне 5 білім саласының мазмұны кіреді:

Денсаулық, Қатынас, Таным, Шығармашылық, Әлеуметтік орта.

Шығармашылық білім беру саласының мақсаты:

— мектеп жасына дейінгі балалардың сезімдік –эмоционалдық ортасы мен эстетикалық талғамын қалыптастыру, шығармашылық ойлау мәдениеті мен елестетуін дамыту.

Шығармашылық білім саласының базалық мазмұны:

- сурет салу;
- мүсіндеу;
- жапсыру;
- музыка.

Шығармашылық білім беру саласында баланың әлемге деген эстетикалық қатынасы мен ұлттық ,классикалық және заманауи көркем құралдарының дамуымен бірге қалыптасуы қарастырылады. Балалар шығармашылығы мен әрекеттерін біріктіру арқылы балалардың көркемдік қабілеттерін қалыптастырады. Музыка сабағында ырғақты музыкаға билеп, би қозғалыстарын орындайды. Ендігі жоспарда қабырғаларға айна ілу, балалар билегенде өз қимылдарын көріп , биге тез үйренеді. Акт залда түрлі ұлттық аспаптармен толықтырылды. Әрбір тәрбиеші сабақтан тыс уақытта балалардың шығармашылығын дамытатын әр түрлі кездесулер, іс-шаралар ұйымдастыру қажет. Іс-шара барысында, әрбір балаға өзіндік ойын, көзқарасын білдіруге мүмкіндік беру керек. Осындай жұмыстарды үнемі жүргізу балаларды шығармашылыққа баулуға, шәкірт бойындағы қабілет көзін ашып, тілін байытуға, қиялын ұштауға, өз бетінше ізденуге зор әсерін тигізеді. Балалардың қызығушылығы мен қабілеті әр түрлі. Сондықтан балабақшада балаларға арналған арнайы үйірмелер ұйымдастыру арқылы олардың шығармашылық қабілеттерін шыңдай түсуге болады. Үйірме жұмыстары ерікті түрде болатындықтан балалардың жеке мүмкіндіктеріне байланысты ұйымдастырылуы қажет. Үйірме жұмыстары тәрбиешіге әр түрлі сабақтар өткізуге балалардың шығармашылық жұмысқа сүйіспеншілігін арттырып жұмысты орындауға қызығушылығын қалыптастыруға мүмкіндік тудырады.

Үйірме жұмысы балалармен күннің екінші жартысында вариативтік бөлімде өткізіледі. Өткізу орындары: топ бөлмесі, музыка залы, бейнелеу өнері студиясы, денешынықтыру залы, АКТ арналған бөлме және т.б. Вариативтік бөлімді әрбір жас тобына арналған ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы кестесіне енгізу қажет. 2 – 3 жас аралығындағы сурет салуға деген

кызығушылық туады. Шығармашылықпен жұмыс жасау тәрбиелеу барысында өзін қоршаған ортамен байланыстыра бейнелеуді тапсыру керек. Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылығының бірінші белгісі қоршаған орта заттары мен объектісімен таныстыруда тәрбиеші оның негізгі пішініне, салыстыруға, ұқсастығын ажыратуға үйретіледі. Сол себептен бала бір заттың түрліше пішінін суретін салуда, мүсіндеуде және жапсыруда басқаша бейнелеудің амалын меңгереді. Балалар еркін түрде сурет салуда, басқа заттың ұқсас пішінін беруде қолданады. Сурет салуда түзу, қисық, үзік, жіңішке, қалың сызықтың түрлі амалын бала өзінің ойымен заттар мен құбылыстардың бейнесін беруде пайдаланады. Бала сурет салуда бейнелеу іс-әрекеті арқылы жас ерекшелігіне сай, қоршаған ортаны өзінің бейнелеу тәсілдерімен суреттеуге талпынады. Бейнелеу өнерінен ортаңғы топтан бастап вариатив сабақтарды ұйымдастырылуда. Сонымен қатар әдемілік, әсемдік туралы әңгімелеп, оқыту, тәрбие жұмыстарында ойын тәсілдерін қолданылып жатыр. Қорыта келе, қазіргі заман талабына орай мектепке дейінгі мекемеде баланың жас ерекшелігін ескере отырып, оны шығармашылыққа баулып, бар мүмкіндіктерін аша отырып, қиялын, ой-өрісін дамытуды басты жолға қоя білу керек.

Шешім:

1. Мерекелік іс-шаралар тақырыбына , мақсатына сай жауапкершілікпен өткізілуі тиіс.
 2. Балалардың білім біліктілігін дамытуда үлгілік оқу бағдарламасы күтілетін нәтижесі негізінде жүргізілсін.
3. Әрбір педагог өз кәсіби құзіреттілігін, міндеттерін адал, жауапкершілікпен атқарсын.

Кеңес төрайымы:

Хатшысы:



Д.Каримова

А Исмурзаева

Меңгеруші жанындағы кеңестің №4 хаттамасы

03.03.2022 ж

Қатысқаны – 7

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. «Балалармен гигиеналық шараларды ұйымдастыру» салыстыру тексерудің қорытындысы.
- 3.8 наурыз, Наурыз ертеңгіліктерінің іс-шарасын бекіту.
4. Кіріс құжаттарын талдау

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Д.Каримова сөз алды. Ол кісі өз сөзінде өткен кеңестің шешімдеріне тоқталып өтті. Аралық мониторингтің барлық топтар бойынша қорытындысының нәтижесі баламен жеке түзету жұмыстары жүргізіліп жатқаны туралы айтып өтті. Тәрбиешілерге балалар мен жұмысты ұйымдастыруда әр баланың жеке дамуының білім беру траекториясының оқу динамикасын қамтамасыз ете отырып, тәрбие мен оқыту процесін дараландыруды қамтамасыз етулерін талап етті.

Екінші мәселе бойынша меңгеруші «Балалармен гигиеналық шараларды ұйымдастыру» салыстыру тексерудің қорытындысы туралы айтып өтті. Ол кісі өз сөзінде ақпан айының он алтысы күні балабақшамызда Кіші «Балғыншақ» тобында салыстыру тексеру жүргізгенбіз. Мұндағы мақсатымыз баланың жеке басының тазалығы мен салауатты өмір салты туралы жалпы білімдерін кеңейтіп, балалардың дағдыларын жетілдіру болатын. Комиссия төрайымы өзім және мүшелері медбике қатысты. Кіші топқа өзара қатысып бақылау жүргіздік. Тексеру нәтижесінде «Балапан» тобының тәрбиеленушілері жеке бас гигиенасының бастапқы дағдыларын меңгерген, өздігінен ұқыпты тамақтанады, қасық, кесе, майлықты дұрыс және орынды қолданады. Тамақ ішер алдында беті, қолдарын жуу, қол орамал қолдану, сүлгіні өз орнына ілу сияқты дағдыларды жақсы меңгергендігін байқадық. Топта тамақтану мәдени дағдылар жақсы қалыптасқан. Балалар үстел барысында дұрыс қалыпты сақтап, асхана құралдарын дұрыс қолданып, тамақтан соң алғыс айтуды үйренген. Тексеруді қорытындылай келе ұсыныстар да айтылды.

Үшінші мәселе бойынша мерекелердің өткізілуін талдау. Сөзге кіші «Балғыншақ» тобының тәрбиешісі А.Рыскиева шықты. Ол өз сөзінде Жаңа жыл мерекесі балалар үшін ең керемет мереке. Бұл мейрамның көңілді болып өтуіне балабақша қызметкерлері де ата-аналар да атсалысты. Бірақ қазіргі уақытта пандемияға байланысты мерекені барлық топ бірге өткізбей сахналық арнайы жасалған шырша жанында бөлек өткізді. Ата-аналардың қатысуынсыз. Мен ересек «Колокольчики» тобының өткізген Жаңа жылдық мерекелік іс-шарасы туралы айтқым келіп тұр. Динара апайдың және ата-аналардың еңбегі арқасында мереке өте керемет өтті. Топтағы балалардың мерекелік киімдері талапқа сай болды. Балалар тақырыптарды орыс тілінде де жақсы айтты. Ән, билері жас ерекшеліктеріне сай таңдалған. Балалар көтеріңкі көңіл күйде отырды. Балалардың қатысуымен көріністер,

ойындар да ойнатылды. Соңында Аяз ата мен Ақшақар балаларға сыйлықтарын тарқатты. Мен алдағы уақытта апайларымызға шығармашылық табыстар тілеймін.

Сөзге ерте жас «Ромашки» тобының тәрбиешісі А. Сундетқызы шықты. Ол өз сөзінде мен ортаңғы «Радуга» тобының Жаңа жылдық ертеңгілігіне қатыстым. Қазіргі заманауи әндерге бүлдіршіндер би биледі. Өнерлерін сан қырынан көрсетті. Топтағы барлық баланы қамтып, таппақ, әндер айтқызып ойындарды ойнатты. Мерекені жоғары деңгейде өткізді. Ортаңғы топ апайлары Гулден апайға алғысымыз шексіз деп, сөзін аяқтады.

Сөзге ортаңғы топ тәрбиешісі Г.Бектибаева шықты. Ол өз сөзінде мен «Солнышко» тобының Жаңа жыл ертеңгілік іс-шарасына қатыстым. Кішкентай бүлдіршіндер қол ұстасып «Шырша жырын» орындады. Балалар Аяз атаға таппақтар айтып би биледі. Соңында Аяз ата мен Ақшақар балаларға сыйлықтарын тарқатты. Балалар өте көтеріңкі көңіл күйде болды.

Төртінші мәселе бойынша 8 наурыз ертеңгіліктерінің іс-шарасын бекіту туралы балабақша меңгерушісі сөз сөйледі. Ол өз сөзінде көктемнің алғашқы мерекесі 8 наурыз ардақты аналар мерекесінің іс-шарасының сценарийін бекітіп мерекені жақсы дайындықпен өткізулерін қадап айтты. Осынау көркем мерекенің қай кезде де орны бөлек. Олай болатыны, аналарға деген ыстық сезім, алғыс пен құрмет ешқашан сөнбек емес. Сонымен қатар Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесінің ертеңгілік іс-шарасын бекітуін айтты. Наурыз мерекесі айрықша тәлім-тәрбиелік, үлгі-өнегелік, сән-салтанаттық, қадір қасиеттілік белгілерімен ерекшеленетінін білеміз. Наурыз айында өтетін осы мерекелерді жоғары деңгейде өтілуін тәрбиешілер және ән жетекшісіне жүктейміз.

Шешімі:

1. Топтарда гигиеналық шаралар толығымен орындалсын.
2. Өткізілген мерекелердің кемшіліктері мен жұмыстар жүргізілсін.
3. 8-наурыз, 22-наурыз мерекесін ұйымдастырып өткізу тәрбиешілер ән жетекшісіне тапсырылсын.

Төрайым:

Хатшы:



Д.Каримова

А.Исмұрзаева

Меңгеруші жанындағы кеңестің №5 хаттамасы

05.05. 2022ж

Қатысқаны – 7

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. 8-наурыз, Жыл басы наурыз мерекелерін талдау.
3. Мамыр мерекелерінің іс-шараларын бекіту.
4. Жазғы сауықтыру шараларының жоспарын бекіту.
5. Кіріс құжаттарын талқылау.

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Д.Каримва сөз алды. Ол кісі өз сөзінде өткен кеңестің шешімдеріне тоқталып өтті. Балабақшадағы топ тәрбиешілері, көмекші тәрбиешілер балалармен гигиеналық шараларды дұрыс ұйымдастырып келеді. Балалар өздеріне қызмет жасай алады. Апайларының тапсырмаларын бұлжытпай орындап, тексеру барысында жақсы нәтиже көрсете білді. Мереке ұйымдастырушыларына балабақша меңгерушісі алғыс білдіре отырып, жұмыстардың басым көпшілігі сіздердің арқаларыңызда бітуде. Топтағы тәрбиеленуші балалар өздерінің өнерлерін жақсы жағынан көрсете білгендігі ол сіздердің жұмыстарыңыз.

Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі өткен мерекелердің қорытындысы бойынша тоқталып өтті. Ана әрбір адамның жарық дүниедегі ең жақыны, жанашыры, қадірлісі, қамқоршысы, ақ сүтін емізіп аялаған, жанын да аямаған ардақтысы. Мен ана деген сөзді қанша айтсам да жалықпаймын. Өйткені ол дүниедегі ең ардақты жан. Ана баланы тоғыз ай көтеріп, толғатып, дүниеге келтіріп қана қоймайды, оны көзінің қарашығындай қорғап, аялап өсіріп аяғынан тік тұрғызады. Өмір есігін жаңа ашқан баланың бойына елінің рухын сіңіретін, жылауын қойғызатынана. Ана баланың амандығын бақытты, абыройлы болуын тілейді. Бойымыздағы ең жақсы қасиеттер бізге алдымен анадан тарайды. Қайран ана, өз перзентін әдемі не ұсқынсыз, ақылды не ақымақ, мейірімді не рақымсыз, кесір - қырсық болса да бәрібір шексіз сүйеді. Дүниеде ананың көз жасынан салмақты, одан ауыр таразы басын басатын ештеңе жоқ. Өйткені ананың көз жасы өзінің киесімен ауыр. Алайда «Ананың көңілі - балада, баланың көңілі - далада» демекші, өзінің перзентік борышын ұмытқан, сөйтіп ата - анасын сыйламайтын адамдарды да өмірден кездестіруге болады. Ана - тіршіліктің гүлі, отбасының берекесі, бүкіл адамзаттың тәрбиешісі. Анасы жоқ балалар да аз емес. Олар ананың мейірімін, аялағанын ешқашан сезген емес. Ендеше, анамызды сыйлап, құрметтейікші. Көңілдеріңізге көктем шуағындай сезім мен нұр құйып, 8 – наурыз Халықаралық әйелдер мерекесі де келді. Көктемнің шуақты күндерімен қатар келіп жатқан төл мерекелеріңіз құтты болсын! Осынау көркем мерекесін қай кезде де орны бөлек. Олай болатыны, аналарға ыстық сезім, алғыс пен құрмет ешқашан сөнбек емес. Олар - өмірдің гүлі, көңілдің жыры, әр отбасының алтын діңгегі. Осы мерекеге орай «Ана – гүл, Ана – жыр, Ана – өмір шуағы!» атты мерекелік концерт ұйымдастырылды. Ертеңгілікке «Балдаурен» тобының сұлу да, сымбатты қыздары қатысып сайысты. Сайыс шарттарына қыздарымыз өте жақсы дайындалған. Таныстыру, өз өнерін көрсету, сұрақ-жауап, киім үлгісі шарттарында қыздар өнерлерін көрсетіп сайысты. Сайыс соңында ақылды

қыздарымыз жүлделі орындарға ие болып, сыйлықтар алып, марапатталды. Осы сайысты ұйымдастырған балабақша қызметкерлеріне айтар алғысым шексіз. Себебі біз өзіміздің жұмысымыздың жемісін көрдік. Осы ертеңгілікке үлкеннің батасын алу мақсатында ауылдағы қарт әжелерді шақырған болатынбыз. Шақыруды алған әжелер толығымен бақшамызға келді. Келіп бізді бір қуантты. Балалар өздерінің өнерлерін жақсы жағынан көрсетті. Әжелеріміз бүлдіршіндерге көрсеткен өнерлеріне алғысын білдірді. Әжелеріміз аспазшы апайдың қолынан дәмді етіп пісірілген тамақтардан дәм ауыз тиіп, арқа жарқа әңгімелесіп, бір марқайып қалды. Әжелерімізге балабақша әкімшілігі атынан сыйлыққа ақ орамал бастарына жабылды. Әжелер біздің осы жұмыстарымызға ризашылықтарын білдіріп, балабақша ұжымына баталарын берді. Наурыз – парсы сөзі. Бұл қазақша айтқанда, «Жаңа күн» деген сөз. 22 наурыз күнін «Жаңа күн» деп атаудың мәнісі неде? Оның мәнісі мынау: 21-нен 22-не қараған наурыз күні күн мен түн теңеледі. Сонан кейін күн ұзарып, жылы бола бастайды. Сондықтан 22 наурыз жаз айы болып табылады. Жаз болса, дүние жаңаланады: ағаш бүршік атып, жердегі шөптер қылтиып, малдар төлдейді. Жылдың төрт тоқсанының ішінде дүниені жасартып, жаңалайтын тоқсаны – жаз. Сол тоқсанның басы 22 наурыз болғандықтан бұл күн «Наурыз» яғни «Жаңа күн» деп аталады. Осы Наурыз мерекесіне орай балабақшамызда «Қош келдің, Әз Наурыз!» тақырыбында мерекелік ертеңгілік өткізілді. Ертеңгілікті Мақпал апайы жүргізді. Ертеңгілікте балабақша тәрбиеленушілері әндерін айтты, билерін биледі. Ата-аналар таң тамаша болды. Гулдана ата-анамыз Муслима қызымыздың тұсау кесер рәсімін жасаймын деп қолқа салған соң ертеңгілік барысында Муслима қызымыздың тұсауын кестірдік және үлкендердің батасын алдық. Ертеңгілік өте керемет өтті. Ата-аналар алғыстарын айтып, ризашылықтарын білдірді.

Үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері сөз алды. Ол кісі өз сөзінде мамыр айларындағы мерекелерді өткізуге тоқталды. Балалар өміріндегі мерекелердің маңызы – адамгершілік, эстетикалық тәрбие беру құралы, әдеби шығармалар, әндер мен өлеңдер патриоттық сезімдер қалыптастырады, балалар бойында тәртіптілік, мінез-құлық, ұжымдық негіздерін, мәдениетін тәрбиелейді. Сондықтан да, мейрам күндерін балабақшаның әрбір тәрбиеленушісі асыға күтеді, өз өнерлерін жолдастарына, тәрбиешілеріне және ата-аналарына көрсетуге асығады. Осыған орай, күнтізбелік жоспар бойынша 1 мамыр – Халықаралық ынтымақтастық күн, 7 мамыр – Қарулы күштер күні мен 9 мамыр – Жеңіс күні жоспарланған. Бұл мерекелердің басты мақсаты балаларды достыққа, Отансүйгіштікке баулу болып табылады. Мерекеге дайындық жүргізген жөн. Өтетін іс-әрекет жоспары, оқылатын әңгімелердің, жатталатын өлеңдердің жүйелерін бұзбай енгізу керек. Ескертетін басты мәселе – олардың балаларға түсінікті болуы. Сценарий жақсы құрылған. Бекітуге дайын деп ойлаймын.

Төртінші мәселе бойынша меңгеруші Д.Каримова сөз алып, педагогтардың өз білімін көтеру нәтижелеріне тоқталды. Педагогтардың жұмыстарының сапасын жетілдіру педагогтардың әзірлік деңгейіне тікелей байланысты. Бұл деңгей және үнемі өсіп отыру да қажет. Сондықтан педагогтардың өздігінен білімін жетілдіру әрекеттерінсіз біліктілік арттыру бағытындағы әр түрлі курстар, семинарлар мен

конференциялар тиімді нәтиже бере қоймайды. Өздігінен білімін жетілдіру кез келген

мамандықтағы өз ісіне творчестволықпен және жауапкершілікпен қарайтын әрбір маман үшін қажеттілік болып қалыптасып отыр. Педагог бәрін де тұрақты түрде оқып-біліп отыруы тиіс, өзіндік психологиялық және интеллектуальдық ерекшеліктеріне байланысты, ақпарат көздері арқылы жұмыс жүргізу, өз қызметі мен әріптестер қызметіне талдау жасау секілді дербес еңбек процесінде қалыптасатын қасиет. Дегенмен, педагогтар өздігінен білімін жетілдіруге қаншалықты қабілетті болғанымен, бұл процесс практикада жүзеге аса бермейді. Тәрбиешілер мұның негізгі себептері ретінде уақыттың жоқтығын, ақпарат көздерінің жеткіліксіздігін және басқа да жәйттерді алға тартады. Бұл ой еңжарлығы мен жалқаулығының көрінісі десе болады, өйткені өзін-өзі жетілдіру әрбір педагогқа тән ажырамас қажеттілік болуға тиіс. Педагогтарға әр түрлі тақырыптарда өз білімдерін жетілдіру жоспары берілген. Сол берілген жоспарларды орындай отырып, нәтиже шығаруда.

Бесінші мәселе бойынша балабақша әдіскері балабақшадағы өткізілген қол өнер көрмесінің қорытындысына тоқталып өтті. Қызметкерлер тарапынан ұйымдастырылған қол өнер көрмесі өте жақсы өтті. Бұл қол өнер көрмесіне балабақша қызметкерлері бір кісідей атсалысып өздерінің жан-жақтылығын көрсетті. Қызметкерлер қол өнерге заманауи тұрғыда әр беріп түрлі-түсті фетрдан, тастанды заттардан, қол өнерге байланысты керекті жабдықтарды пайдалана білді. Жасалған бұйымдар өте ерекше әдемі болды. Жасалған бұйымдарды өте жақсы деп бағаладық. Өз тарапымнан ризашылығымды айтамын.

Шешімі:

1. Балаларды балабақшаға қамту мақсатында ата-аналарды балабақшада ұйымдастырылып өткізілген түрлі іс-шараларға қатысуын ұйымдастыру.
2. Ата-аналарға мереке күндерін үйде қалай атап өту керектігі жөнінде кеңес немесе дөңгелек үстел өткізуді ұйымдастыру.
3. Мамыр мерекелерінің іс-шарасы түзілсін.
4. Педагогтар өз білімін көтеру үшін тәжірибе алмасу мақсатында әдістемелік құралдарын даярласын.
5. Тәрбиешілер жан-жақты ізденіп, жұмыс жүргізісін.

Төрайым:
А.Исмұрзаева



Д.Каримова

Хатшы:

Меңгеруші жанындағы кеңестің №6 хаттамасы

15.07.2022ж

Қатысқаны – 7

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Мамыр мерекелерін талқылау.
3. Жаңа оқу жылына дайындық.
4. Кіріс құжаттарын талқылау.
5. №1 педкеңеске дайындық.

Бірінші мәселе бойынша балабақшаменгерушісі Д.Каримова сөз алды. Ол кісі өз сөзінде өткен кеңестің шешімдеріне тоқталып өтті. Балабақша қызметкерлері белсенділік танытып, жақсы дайындалған. Соның нәтижесінде мерекелік іс-шаралар өте жақсы өтті. Балалар да өз өнерлерін ойдағыдай көрсете білді. Ертеңгіліктерде қауіпсіздік ережелері дұрыс сақталды. Педагогтарға әр түрлі тақырыптарда өз білімдерін жетілдіру жоспары берілген. Сол берілген жоспарларды орындай отырып, нәтиже шығаруда.

Екінші мәселе бойынша балабақшаәдіскері сөз алды. Ол кісі өз сөзінде мамыр мерекелері туралы айтып өтті. Мамыр мерекелерін талқылайтын болсақ 9 мамыр Жеңіс күні, 1 мамыр бірлік күніне орай балабақшамызда ертеңгілік шарасы өткізілді. Ертеңгілікті Ашық есік күнімен бірге атап өттік. Ашық есік күнінің тақырыбы «Әрқашан күн сөнбесін». Мақсаты: балалардың бойында адамгершілік қасиеттерді, жақын адамдарына сүйіспеншілікті, оларға қамқорлық жасауға ынтасын, өз еліне құштарлық сезімді, оның тарихына қызығушылықты тәрбиелеуді қарастыру. Ашық есік күніне ата-аналар көптеп қатысты. Ата-аналарды тіркей отырып, қол өнер көрмесі көрсетілді. Одан соң балабақша меңгерушісі ашық есік күнінің ашылуын жүргізді. Тәрбиешілер А.Исмурзаева «Қатынас», сөйлеуді дамыту, «Таным», сенсорика «Ғажайып гүлдер» тақырыбында ортаңғы «Радуга» тобына ұйымдастырылған ашық оқу қызметін өтсе. А.Рыскиева«Қатынас», көркем әдебиет, «Таным» математика негіздері «Маша мен аю» тақырыбында ұйымдастырылған ашық оқу қызметін өтті. Ашық оқу қызметтері өте жақсы өтті. Тәрбиеші көздеген мақсатына жете алды. Ашық оқу қызметінің жоспары өте жақсы құрылған. Балалар тапсырмалардың бәрін орындап, ойынға белсене қатыса білді. Әдіскер . Д.Каримова «Менің мінезім» тақырыбында әдістеме жүргізді. Ата-аналар әдістеме барысында қойылған сұрақтарға ұтымды жауап беріп, белсенділік танытты. Ашық есік соңында «Ұлы жеңіс – жасасын!» тақырыбында мерекелік ертеңгілік өткізілді. Ертеңгілікте балалар солдаттық форма киіп биледі. Өндерін айтты. Сахна тақырыпқа сай безендірілген. Ата-аналары балаларының өнерлерін көріп қатты қуанды.

Ашық есік күнін қорытындылау барысында ата-аналар өз ойларын айта отырып ризашылықтарын білдірді.

Үшінші мәселе бойынша меңгерушісі сөз алды. Барлық топтар жаңа оқу жылына 100%-ға дайын болуын, барлық оқу қызметінің күнтізбелік жоспары, технологиялық карталары, циклограмма, әдістемелік құралдары және оқу қызметіне қажетті құрал жабдықтар, кезекшілік бұрыштары, төсек, сүлгі, шкаф, т.б. маркировкалары сақадай сай болуын қадап айтты. Ата-аналарға арналған стендтерді ретке келтіру, балалардың бейімделу кезеңінде ата-аналармен дұрыс қарым-қатынас жасауды айтып өтті.

Төртінші мәселе бойынша әдіскер сөз алды. Жазғы мезгілде балалардың денсаулығын нығайтуға ерекше көңіл бөлінді. Жаз айларына арналған іс-шаралар жоспары түзіліп, балабақша қызметкерлері сол жоспар бойынша жұмыстар жүргізді. Тәрбиеленушілердің таза ауада көбірек болуына, қимылды ойындар арқылы қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыруға, спорттық ойындарға, ойын-сауықтарға үлкен мән берілді. Балабақша қызметкерлері өз жұмыстарын тиянақты жасады.

Бесінші мәселе бойынша меңгерушісі сөз алды. Ол кісі өз сөзінде №1 педагогикалық кеңеске дайындық туралы мәселеге тоқталды. Педагогикалық кеңесте оқылатын баяндаманы тәрбиеші Г.Бектибаеваға жүктеді, тәрбиешілерге пікір алмасуға дайындалуды, балабақша қызметкерлеріне көрме ұйымдастыруды тапсырды.

Шешімі:

1. Мамыр мерекелерінің сценарилері тапсырылсын.
2. Оқу тәрбие процесі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандарты бойынша түзілсін.
3. Жазғы сауықтыру шараларының жүргізілуі шолу тексерудің қорытындысы қанағаттанарлық деп табылсын.
4. Тәрбиешілер №1 педагогикалық кеңеске дайындалсын.

Төрайым:

Хатшы:



Д.Каримова

А.Исмурзаева